

Жанболат АУПБАЕВ. Ажалға аттанғандар

9 Қыркүйек 2016



Осыдан 95 жыл бұрын Жетісудағы шағын қала Жаркентте Бүкілодақтық маңызы бар мемлекеттік операция ойластырылып, жүзеге асты. Ол шекараның арғы бетіне амалдап өтіп, артынша бергі жақтағы бейбіт өмірге енді кіріскен елге зор қауіп төндірген ақ гвардияшылар генералы, атаман Александр Дутовтың көзін жою жөніндегі әрекет еді. Оған қатысқан жерлестеріміз жөнінде шындық толық айтылып бітті ме? Жоқ. Зерттеушілер көбінесе ВЧК-ның* 1920 жылғы күз, қыс айларындағы аталмыш операцияға арналған дайындық жұмыстарын айтумен, 1921 жылғы 6 ақпандағы Қытайдың Сүйдін қамалындағы болған оқиғаны баяндаумен, содан соң оған қатысқандарды Ташкентке апарып марапаттағандығын сөз етумен шектеледі де қояды. Ал одан кейін ше? Ажал аузына аттанып, аман келгендердің 1929-1937 жылдардағы тағдыры қалай болды? Олардан ұрпақ қалды ма? Қайда тұрады? Туған-туысқандарының қолдарындағы құжаттар не дейді? «Атаманның ақыры» фильмінің түсірілу тарихы ше? Ол қалай өмірге келді? Білген адамға оған қатысқан актерлер естеліктерінің де айтары аз емес. Осы және одан басқа да оқиғаларды төмендегі мақалада қадери-халімізше айтуға күш салдық, құрметті оқырман! Оқыңыздар, келтірілген деректерге назар аударып, хабардар болыңыздар демекпіз біз сіздерге. Сонымен...

1. Атаман

Біз сөз еткелі отырған адамның ата-бабалары байырғы самаралық казак әскерилерінің отбасынан тарайды. Әкесі – патша әскерінің Орта Азияны жаулап алудағы Түркістан жорығына қатысқан офицер Илья Петрович Дутов. Ал шешесі – Орынбор губерниясындағы урядниктің қызы Елизавета Николаевна Ускова. Бұлардың баласы, яғни, өзіміз әңгімелемек болып отырған Александр Ильич Дутов казак жерінде, атап айтқанда сол кездегі Сырдария облысының Қазалы кентінде жорық үстінде дүниеге келген. Балалық шағы Ферғана, Орынбор, Санкт-Петербургте өткен. Александр Дутов 1897 жылы Орынбордағы Неплюев кадет корпусын, 1899 жылы сондағы атты әскер мектебін аяқтаған соң хорунжий шенін алады. Сөйтіп Харьков қаласында орналасқан 1-ші Орынбор казак полкіне жіберіледі. 1903 жылы Санкт-Петербургтегі Николаев инженерлік мектебі жанындағы курсты тәмамдап, Бас штаб академиясына оқуға түседі. 1905 жылы ол өзі сұранып Қиыр Шығыста жүріп жатқан орыс-жапон соғысына аттанады. Онда 2-ші Маньчжурия әскері армиясы құрамында шайқасып, ұрыстағы «жанқиярлық ерлігі және ерекше еңбегі» үшін үшінші дәрежелі Әулие Станислав орденімен марапатталады. Соғыс бітіп, Санкт-Петербургке оралған соң Бас штаб академиясындағы оқуын жалғастырып, оны 1908 жылы штабс-капитан шенімен аяқтайды. 1909 жылдан 1912 жылға дейін Александр Дутов Орынбордағы казак юнкерлік мектебінде ұстаздық етеді. Осы әскери оқу орны қабырғасында жас курсанттарға көрсеткен қамқорлығы арқасында ол юнкерлердің ыстық ықыласы мен құрметіне бөленеді. Мәселен оның сол кездегі шәкірттерінің бірі, кейін жазушы К.Седыхтың «Даурия» романына бас кейіпкер болған, 1918-1920 жылдары Забайкалье казак әскерлерінің атаманы дәрежесіне көтерілген Г.Семенов еді. Осы жерде сөз ретіне қарай мына деректі де айта кетейік. Александр Дутов Орынбордағы өмірінің біз сөз етіп отырған кезеңінде сол кездегі подполковник дәрежесіне тең қосын старшинасы шеніне жоғарылатылып, үшінші дәрежелі Әулие Елена орденімен марапатталады. Және осы қалада 1907 жылы Ольга, 1909 жылы Надежда, ал 1912 жылы Мария есімді қыздары дүниеге келеді. Кенжесі Елизавета бірінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан 1914 жылы туған. Атаманның Олег есімді ұлы болған дейді. Алайда оның қашан, қайда туғаны жөнінде құжаттар жоқ. 1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Александр Дутов өзі сұранып майданға аттанады. Алғы шептегі 10-атты әскер дивизиясы құрамындағы 1-Орынбор казак полкі қатарында шайқасады. Онда ол Оңтүстік-Батыс майданында генерал А.А.Брусилев қолбасшылық еткен әскери қимылдардың бел ортасында болады. Сол ұрыстар барысында біздің кейіпкеріміз қызмет еткен 9-орыс армиясы Днестр және Прут өзендері аралығындағы плацдармды ұстап тұрған 7-австриялық-венгрлік армияны талқандайды. Осы шайқаста Александр Дутов екі рет жараланады. Соңғы жарасы өте ауыр еді. Алайда, Орынборда екі ай емделісімен полкке қайтып оралады. Көп кешікпей князь Спиридон Бартенеvпен қатар 1-Орынбор казак полкінің тең дәрежедегі тете басшысы болып тағайындалады. Сол кездері оған берген мінездемесінде граф Ф.Келлер: «Әскери қосын старшинасы Дутовтың полкі қатысқан Румыния жеріндегі соңғы шайқастарды өте күрделі деп сипаттауға болады. Сонда ол өзін қалыптасқан жағдайды біліктілікпен бағалап, батыл шешім қабылдай алатын офицер ретінде танытты. Осы себепті де мен оны ерекше қабілетке ие, полктің тамаша басшысы деп есептеймін», – деп жазған. 1917 жылдың ақпанында Александр Дутов жоғарыдағыдай жауынгерлік қызметі үшін екінші және үшінші дәрежелі Әулие Анна ордендерімен марапатталады. 1917 жылғы ақпан төңкерісі бұрын аты онша шыға қоймаған казак штабс-офицерінің бірсарынды өмірін түбегейлі өзгертіп жібереді. Оған әсер еткен 1917 жылдың наурызында Уақытша үкіметтің бас министрі Г.Е.Львовтың Петроградта казактардың бірінші жалпы құрылтайын өткізуге рұқсат берген пәрмені еді. Әскери қосын старшинасы Александр Дутов міне, осыған байланысты өз полкінің өкілі ретінде Ресей астанасына келеді. Сол кезден бастап 38 жастағы сақа офицердің өмірі түбегейлі өзгереді. Ол саяси оқиғаларға

белсенділікпен араласа жүріп, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізеді. Ақыры 1917 жылдың күзіндегі жиында жасырын дауыспен Орынбор казактарының әскери атаманы болып сайланады.

Қазан төңкерісін Александр Дутов еш мойындамады. Сөйтіп ол алғашқы күндерден-ақ большевиктерге қарсы күрес туын көтереді. 1917 жылдың 25 қазанында атаман өзіне бағынышты әскер қосынына арналған №816 жарлыққа қол қойып, большевиктердің Петроградта өкіметті күшпен басып алуын мойындамауға шақырады. Сөйтіп ол Түркістан мен Сібір арасын жалғап тұрған стратегиялық маңызы зор Орынбор аймағын өз қолына алады.

1918 жылдың күзінде Орал мен Сібір темір жолы бойындағы көтеріліске шыққан чехословак тұтқындар корпусына сүйенген Александр Дутов Колчакты қолдауға белсене кіріседі. Сөйтіп, Ақтөбе бағытындағы шабуылға шығады. Мақсат – Ташкентке қарай тоқтаусыз жылжу еді. Алайда, оның бұл жорықта жолы болмайды. 29 қазанда ақтар қолындағы Бузулук құлайды да, 15 қарашада қызылдар Орынборды шабуылдауға көшеді. Атаман осы ауыр кезең туралы былай деп еске алады: «Бізге қарсы Гай басқаратын «құрыш дивизия» аталып кеткен большевиктердің ең таңдаулы әскери күштерінің бірі атой салды. Олар жақсы қаруланған және де тәртібі де темірдей қатты құрылым болатын. Қиын жағдайға тап болдық. Бірақ менің жігерім бір сәтке те жасыған жоқ». 1919 жылдың сәуірінен бастап Александр Дутов ресми түрде Орынбор казак әскери армиясының қолбасшысы бола тұрып әскери басшылық тізгінін көмекшілеріне тапсырады да өзі Омбыға барып саяси өмірге араласып кетеді. Сібір билеушісі Колчактан генерал-лейтенант шенін алып, барлық казак әскерінің жорықтағы атаманы етіп тағайындалған ол жергілікті жердегі жасақтардың жай-күйін тексеру үшін Қиыр Шығысқа аттанады. Сол жақта партизан қозғалысына қарсы күреске жетекшілік етіп, Сібір жоғарғы үкімет билігімен және Жапониямен ыңғайлас саясат ұстанған Семенов, Калмыков, Гамов сияқты атамандармен қарым-қатынас орнатады. Олар жоғарғы билеуші Колчакқа адалдығын көрсетуге тырысқанымен, іс жүзінде шығыс майданына бір де бір әскери құрама жібермейді.

1919 жылдың күзінде Колчак дивизияларын талқандаған Қызыл армия шешуші шайқасқа көшеді. Осы кезде Александр Дутов Орынбор казак әскерілерінің қолбасшысы болып қайтадан тағайындалады. Бұл қалың қол Көкшетау мен Атбасардан Жетісуға шегінуге мәжбүр болған аса қиын кезең еді. Жасақ ашық аспан астында аш-жалаңаш күн кеше отырып, жұтаң, елсіз мекендерді артқа тастап шегінумен болады. Обоздағы жүк тартуға шамасы келмеген жылқы, түйені пышаққа жығып, азық етеді. Тұрғылықты халықтың жем-шөбін, киім-кешегі мен көлік-сайманын күшпен тартып алады. Алайда мыңдаған адам тобырына бұл жүк болмайды. Суық пен аштықтан қырылғандардың саны күн санап өсе түседі. Жұқпалы ауру – сүзек пайда болады. Жетісуға арып-ашып, әбден сілікпесі шығып жеткен дутовшыларға осы өңірге ертерек келіп, біршама жайлы тұрмыс кешіп жатқан атаман Борис Анненков әскерлері жылы қабақ таныта қоймайды. Араларында өзара дұшпандық ерегіс басталады. Кей жағдайларда олардың дау-дамайы қарулы қақтығысқа да ұласып отырады. Мұны көріп, берекесіздіктен әбден түңілген Александр Дутов 1920 жылдың наурызында өзінің серіктерімен бірге Жетісуді тастап, Сарқанның 5800 метр биіктігіндегі мұз құрсаңған Қарасырық асуы арқылы Қытайға өтуге мәжбүр болады. Осылайша Алатау асқан орынборлықтар Шыңжаң жеріндегі ағып жатқан Боратола өзеніне жетеді. Бұл Дампань деген әкімшілік аймағының жері еді. Босқындар міне, соған жақын жерден қос құрып орналасып, бір айға жуық дамыл табады.

Олар осы жерде естерін жиып жатқанда солдаттар Кеңес үкіметі шет елдерге қашқан ақтарға кешірім жариялапты деген сөзді естиді. Артынан бұл хабар расталады. Жасақ қосынына келген Дампань уезінің бастығы атаманға кеңестік Ресей үкіметі одан Қытай Түркістаны жеріне өткен қашқындардың бәріне кешірім жасалғанын ресми түрде хабарлауды сұрағанын мәлімдейді. Мұны өкілдің өз аузынан естіп, содан соң біраз күн ой-

ланып-толғанған Александр Дутов мынадай жарлық шығарады: «Елге оралғысы келетіндерге менің тарапымнан ешқандай қарсылық болмайды. Өйткені Отанымызға өз еркімізбен, ар-намысымызды жоғалтпай оралатын сәттің қашан келетінін айту қиын. Мұндай жағдай жыл өте не болмаса екі жылдан соң, тіпті ондаған жылдардан кейін ғана тууы мүмкін. Отанына қайтқысы келетін, бұдан әріге күш-жігері таусылып, қиындықтан қажыған адамдар тізімге жазылуына болады. Жасақтағы офицер мырзаларға айтарым, олар тарапынан ешқандай үгіт-насихат жүргізілмеуі тиіс. Осыны қатаң ескертемін. Әркім өз тағдырын өзі шешсін. Мен ешқандай уәде бермеймін және бере алмаймын да. Өйткені менде қаржы жоқ. Осындағы әрбір казак өз тіршілігіне қажеттіні өз еңбегімен тапсын». Кеңес жеріне қайтуға 240 адам тілек білдіреді. 1920 жылдың 6 мамырында жасақ еліне қайтатын жолдастарымен қоштасу үшін сапқа тұрады. Құдай Ана Табынская киелі иконасының алдында мінәжат жасалады. Кететіндермен қоштасып тұрып атаман оларға: «Елге оралған соң сатқындық жасамаңдар, жеке бастарыңның мүддесі үшін мұндағы бауырларыңды кінәлап, олардың туыстарын қиын жағдайға қалдырмаңдар», – деп кеңес береді.

2.Қамал

Қытай жағына Александр Дутовпен бірге ілесіп өткендердің қатарында Жетісу казактары әскерінің атаманы, генерал-майор Николай Щербаков та бар еді. Оның отряды да үлкен машақатпен асуы қиын Қарасырықтан өтіп, Боратола өзенінің аңғарына шыққанда оларды қытай шеріктері ұстап, оқшаулау орнына әкетеді. Көп кешікпей бәрінің тұратын жері белгіленіп, нақтыланады. Атап айтқанда Орынбор казактарының атаманы Александр Дутов өзінің штабымен және жеке күзет полкімен Сүйдін қаласындағы бекініс пен соған жақын маңдағы Мазар, Шипанзе қыстақтарына қоныстандырылады да, ал Николай Щербаков әскері Құлжа іргесіне орнығады. Осы жерде Кеңес өкіметінің тегеурініне шыдамаған ақ гвардияшылардың Қытайдың Харбин жағы мен Моңғолия беті және Шыңжаң өлкесіне ағылуының себебі неде деген сұрақ туады. Зер салып қарасақ, 20-жылдары казактардың Забайкалье атаманы Г.Семеновтің Шанхайға, барон Унгерннің Ургаға, Борис Анненковтың Үрімшіге, ал генерал Андрей Бакичтің Шәуешекке барып табан тірегенін байқаймыз. Николай Щербаков пен Александр Дутовты жоғарыда айттық. Бұлардың алғашқысы Құлжаны, соңғысы Сүйдінді тандаған. Сонда дейміз-ау... Кейінгі 20 жыл ішінде жарыққа шыққан ақ эмигранттар жарияланымдарына қарағанда мәселе мынада сияқты. 1918-1920 жылдары Үрімшідегі, Құлжадағы және Шәуешектегі Ресей консулдары Алексей Дьяков, Владимир Люба және Владимир Долбежев Кеңес үкіметін мойындамай, тіпті оның тез арада құлауы үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасауды өз парыздары деп санайды. Ал мұндай әрекеттер большевиктер мен Қытайдың Шыңжаң аймағындағы ресми мемлекеттік құрылымдар арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнатуда айтарлықтай қиындық тудырады. Мысалы, 1918 жылғы 12 наурызда Жетісудың Әскери-революциялық комитеті Құлжадағы телеграф кеңсесінде жұмыс істейтін большевик Маньковтың нұсқау күткен жеделхатына жауап ретінде: «Маньков жолдасқа жөн-жоба көрсетіп, одан Қытай үкіметіне жақсы көршілік ниетті жеткізуді сұрау» жөнінде шешім қабылдайды. Алайда Құлжадағы бұрынғы патша армиясының полковнигі Владимир Любаның қарсы әрекет етуінен Маньков Шыңжаңдағы жергілікті ресми өкімет орындарымен байланыс орната алмайды. 1919-1920 жылдары Түркістан майданындағы саяси басқарманың бастығы болған, кейін Жетісудағы Верный қаласында комиссар қызметін атқарған жазушы Дмитрий Фурманов өзінің «Бүліншілік» атты деректі кітабында Владимир Любаны былай деп сипаттайды: «Сол кезде Құлжада патша заманынан қалған бір кәрі орыс консулы отырды. Ол байғұс қайда барсын? Сол Құлжадан шыға алмады. Оның үстіне жаңа Ресей мүддесіне қызмет етудің орнына оған дұшпандық танытты. Демек, ол оңбағанның қаржысы да болғаны ғой. Ал ақшамен барлық істі

тындыруға болады. Осы ақшаға ол кәрі қақпас казактарды да ұстады, оларға көмектесіп, Жетісуға соққы беруге де дайындады...». Ол қандай қаржы еді? Дмитрий Фурманов нені тұспалдап отыр? Осы сұрақтарға жауап беру үшін жазушы Вадим Обуховтың «Жоғалған жерұйық» кітабындағы мына деректерге үңілейік. Шыңжаңдағы бұрынғы орыс дипломатиялық қызметінің, Қытайдың басқа аймақтарындағыдай, өз мақсатына жұмсау үшін Ресей-Азия банкінен қарызға алынған ірі көлемдегі қаржысы болған. 1910 жылы құрылған, Қазан төңкерісіне дейін акционерлік капиталы бұрын-соңды болмаған 50 миллион рубль көлеміне дейін ұлғайып, Ресей мен шет елдерде орналасқан 175 бөлімшеден тұратын, кең тамыр жайған бұл банк акцияларының төрттен үші Францияда жатқан еді. 1914 жылға қарай банк негізгі активтерінің, вексельдік және тауарға негізделген несиелерінің, салым ақша мен ағымдағы есепшоттағы қаржы көлемі жағынан Ресейдегі акционерлік коммерциялық банктер арасында бірінші орынды иеленген. 1917 жылы большевиктер барлық банк жүйесін мемлекет меншігіне көшіргенімен, біз сөз етіп отырған құрылымның шет елдердегі бөлімшелері салым ақша және қаржы ағымдары бойынша жұмыстарын біраз уақытқа дейін бұрынғыдай жалғастыра берді. Үрімшідегі Ресей-Азия банкі директорының қызметін төңкеріске дейін А.Суворов деген кісі атқаратын. Азамат соғысы жылдарында да ол осы орнынан мызғымады. Патшалық Ресей консулдарының және Шыңжаңдағы ақ гвардияшылардың іс-қимылдарына қаржылық қолдау көрсеткен міне, нақ осы адам еді. Шыңжаңдағы консулдықтармен тізе қоса әрекет жасаған ақ гвардияшылар өздеріне керек әскер бөлімдерін жабдықтау және оларды адамдармен, оның ішінде Қытай азаматтарымен толықтыру, құпия да жедел ақпараттар алу сияқты санқилы мәселелерді ақша арқылы шешуде айтарлықтай табысқа жетіп, тастары өрге домалайды. Ресей дипломаттары ақ гвардияшылар жасақтарын құрып және оларға елеулі қаржылық көмек берумен, ақ эмигранттар жетекшілерінің шет елдердегі басқа ұйымдармен байланысын қамтамасыз етумен ғана шектелмей, орыс диаспораларының өз ішіндегі және қытай өкімет орындарымен арадағы дау-дамайды реттеуде де дәнекерлік және бейтарап қазылық жасап отырды.

Мұндай ашық көрініс әсіресе атаман А.Дутов пен генерал Н.Щербақовты қанатының астына алып паналатқан, жазушы Д.Фурманов жоғарыдағы өз романында сөз еткен патшалық Ресейдің Құлжадағы бұрынғы консулы В.Любаның іс-әрекетінен анық байқалады. Ол ақтардың қос генералына жағдай жасау үшін Шыңжаңның сол өңірге әмірі жүретін генерал-губернаторының аузын майлап, бетін бері қаратады. Оған ақ эмигрант Анатолий Воробчук-Загорскийдің жазып қалдырған мына естелігі бұлжытпас дәлел бола алады: «Бақытымызға қарай Шыңжаң генерал-губернаторы Ян Цзяньсин ақтардың досы, большевиктердің қас жауы болып шықты. Консул В.Любамен пікірлесе отырып, ол осы жерге тұрақтаған казак орыстарға жылы қарап, жергілікті өкімет орындарына олардың әрқайсысына күніне екі қадақтан (бір қадақ 443 грамға тең) ұн, сондай мөлшерде ас әзірлеу мен үй жылытуға қажет тас көмір босатып отыруға нұсқау берді». Мамыр айында бұл билік иесінің атаман Александр Дутовтың жасағына Сүйдін қаласында тұрақтауға рұқсат бергенін біз жоғарыда айттық. Сүйдін кеңестік Қазақстан шекарасынан 52 шақырым жерде, осы елден Құлжаға баратын күре жолдың бойында орналасқан қалатын. Және мұнда консулдардың күзетшілері үшін салынған 200 адамдық казармалар бар еді. Шекарадан өткен жасақ 1000 адамдай болғандықтан, казактардың біраз бөлігі Сүйдін бекінісіне және өз қолдарымен қамал іргесіндегі беткейге қазып салған жер үйлерге орналасты. Тек 1-Орынбор полкі ғана Сүйдін қаласынан 40 шақырым жердегі Душегур қыстағында болды. Бұлардың бәрі қытай өкімет орындарынан жоғарыдағыдай мөлшерде көмек алып тұрды.

Айта кетейік, эмиграцияның мұндағы алғашқы кезеңінде большевиктермен қарулы күресті қайта бастау деген бұрынғы ақ гвардияшылардың көпшілігінің ойына да келмеген нәрсе еді. Олар үшін ең маңыздысы тірі қалу, тырбанып өмір сүріп, нәпақа табу болатын. Орынбор әскері автомобиль бөлімінің бұрынғы басшысы Сергей Хитун өзінің жазып

қалдырған күнделігінде сол кезді былай деп еске алады: «Шыңжаң уәлаятының губернаторы біздің басшымыз Бакичпен келісе отырып, орыстарды екі ай бойы азық-түлікпен қамтамасыз етуге уәде берді. Қуаныштысы, арамыздағы кейбір пысық «кәсіпкерлер» бұл мерзімнің аяқталуын күтпестен өз нандарын өздері тауып жеуге кірісіп кетті. Орынборлықтардың арасында біреуі елден кинофильм таспаларын алып шыққан екен. Бұрынғы жарық қуатын беру ротасының жауынгерлері қос доңғалақты арбаның үстіне электр моторын орнатты да, менің механик жігіттерімнің көмегімен кино көрсете бастады. Мотордың айналма белдігі үзіле берді. Бірақ америкалық ковбойлар туралы киноның жергілікті қазақтар мен ұйғырларға ұнағаны соншалық, олар резеңке белдік қайта тігіліп, жалғанғанша шыдамдылықпен күтіп отыратын. Жергілікті базарда көбінесе айырбас сауда жүретін еді. Брикет түріндегі, яғни нығыздалып қатырылған кірпіш шай кез келген ақшадан да өтімді болды. Мен қытайлық қысқа етікті америка әскери шинелінің белдігінен тарқатылып алынған бір үлкен шумақ жасыл жіпке айырбастап алдым. Бұрынғы офицерлердің біразы базарда жайма сөрелер жасап алып, қытайлар мен ұйғырларға қосыла сауда жасауға кірісті. Олардың сөрелерінен фотоаппараттар да, қол сағаттары мен дүрбілер де, бесатар мылтық және темір шәугім, әскери киімдер де көптеп табылатын. Бұл заттардың бәрін де жергілікті халық қуана сатып алатындықтан орынборлықтардың саудасы қызып тұрды. Әлі есімде, бірде балалайка оркестрі құрылып, ол губернатор үйінің ішкі ауласында ойынсауық көрсетуге шақырылды. Өңір басшысы аудармашы арқылы өнер көрсетушілерден «ең жақсы орыс әнін» орындауды өтінді. Оркестр жақында ғана құрылғандықтан оның репертуары жұтаң еді. Сондықтан балалайкашылар «Ай сәулесі төгіліп...» әнін орындауға ұйғарды. Қытайлықтар әнді ұйып тыңдады. Әнші оркестрдің сүйемелдеуімен жоғары дауысты пикколоны аяқтап, жылдам ырғақты стаккатоны жорғалата жөнелгенде бәрі де, тіпті губернатордың өзі де дуылдата қол соқты. Балалайкашылардың әрқайсысына қытай доллары және түрлі-түсті қағаздан істеліп, ішіне өрік толтырылған сый дорба берілді». Өмір осылай қалпына келіп, қайта жандана бастады. Ал ақ гвардияшы генералдар мен офицерлердің түпкі ойы, көздеген мақсат-мүддесі қандай еді? Олардың шекараның арғы бетіндегі жеңілістен рухы бәсеңсіп, күйзелген әскери бөлімдерінде уақыт өте ұйымшылдық пен тәртіп қайта орныға бастады. Осыны басқаларынан бұрын сезген Александр Дутов 1920 жылдың 12 тамызында Шыңжаң аймағындағы большевиктерге қарсы күштерді өз басқаруындағы Орынбор әскерімен біріктіру туралы №141 бұйрық шығарды. Жағдайды ой таразысына салып қарағанда мұндай пәрмен қажет те еді. Бірақ генерал-лейтенант көпе-көрінеу өз өкілеттігін асыра пайдаланып, солтүстік-батыс Қытайға өткен ақтар жасақтарының қолбасшылары бір-бірінен тәуелсіз әскербасылар ғана емес, көп жағдайда бір-біріне тең генералдар екенін ескермеді. Вадим Обуховтың «Жоғалған жер-ұйық» кітабындағы деректерге қарағанда генерал-майор шеніндегі Сібір казактары әскерінің атаманы Борис Анненков және Жетісу казактарының атаманы Николай Щербаков өздерімен дәрежесі тең Орынбор казактары атаманының құзырына мойын ұсынудан мүлдем бас тартады. Генерал-майор Николай Щербаков жоғарыдағы бұйрықты оқығанда тіпті Орынбор атаманын жекпе-жекке шақыруға дейін барған. Бұған оның қытығына тиер сөздер айтқаны себеп болған сияқты. Өзінің бұйрықтарында генерал-лейтенант Жетісу атаманын «өте қатал, халықтың көңіл-күйін қаперге де алғысы келмейтін өктем адам және шаруалардың жауы» деп сипаттайды. Александр Дутовтың берген ақпарына сүйеніп, қытай өкімет орындары Николай Щербаковты бірнеше күнге қамауға алады. Осылайша жағдай жекпе-жекке шығатындай ушықпаса да бір бұйрықтың кесірінен атамандар арасына араздық сынасы қағылады. Сүйдіндегі пәрменнен хабардар болған генерал Андрей Бакич те өзінің Александр Дутовқа бағынудан және қарамағындағы корпусын оның басқаруына беруден бас тартатынын мәлімдейді. Орынбор атаманының оны орнынан түсіріп, қамауға алмақ әрекеті сәтсіз аяқталады. Бұл шиеленіс екі генералдың бірлесе жұмыс істеуі мүмкін емес екенін көрсетеді. Алайда, Александр Дутов өз штабының төңірегіне Шыңжаң аймағында

ғана емес, большевиктер билігіндегі Ресей жеріндегі де коммунистерге қарсы барлық күштерді топтастыру әрекетін тоқтатпайды. Ол Қиыр Шығыстағы монархияшылар мен ак гвардияшылар ұйымдарынан қаражат алып, Іле өлкесінде атыс қаруларын сатып ала бастайды. Барлау және қарсы барлау жұмыстарын жандандыра түседі. Александр Дутов тұсында мұндағы арнаулы қызметтің бейресми жетекшісі былайғы қауымға Владимир Покровский есімімен белгілі игумен Иона еді. Ол қарсы барлауға жауапты болып, жасақ үшін қаражат жинаумен ғана айналысып қоймай, кеңестік Ресейге қарсы әскери қимылды насихаттаушы басты идеологтардың бірі болады. Поп әкей: «Бұл жорық енді зұлымдыққа қарсы шешуші шайқасты бейнелейтін соңғы жорық», – дегенді ел құлағына құйып, сіңіре бастайды. Осы пірадар туралы Түркістан майданының барлау бөліміндегі мәліметте былай делінген: «Дутовқа қосылған соң ол ешқандай қиындықсыз-ақ оны өз ыркына көндіріп алды. Атаманның оң қолына айналды да көп ұзамай әскердің бас діни қызметшісі болып тағайындалды. Уақыт өте оның Дутовқа ықпалы күшейгені сонша, генерал оның кез келген тілегін лезде орындайтын болды. Атаманның кеңестік Ресейге қарсы 1920 жылы басталады деп болжанып отырған шабуылы да осы тілектердің бірінен саналады».

1920 жылдың күзінде өзінің көп хаттарының бірінің иесіне жауап бере отырып Орынбор атаманы: «Жетісу мен Ташкент арасының өң бойында жұмыс жүріп жатыр. Мен Харбинмен және Қырымдағы генерал Врангельмен байланыс жасап тұрамын», деп хабарлайды. Зерттеуші Давид Голинковтың «КСРО-дағы антикеңестік құпия ұйымның күйреуі» атты кітабындағы деректерге қарағанда 1921 жылдың басында Александр Дутов ағылшын барлау қызметімен байланыс орнатады. Анығында бұл «байланыс» оның большевиктердің Жетісудағы жағдайын тұрақсыздандыруға орыс генералынан кем мүдделілік танытпайтын Қашқариядағы ағылшын консулымен әңгімелесуіне келіп тірелген сияқты. Осы мақсатқа жету үшін атаман шетелдердегі Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдармен де, генерал Петр Врангельмен де белсенді түрде қатынас орнатады. Ол кезде Врангель Ресей эмиграциясының барлық әскери істерінің ресми жетекшісі ғана емес, қуғындағы үкімет ретінде «большевиктермен күрестегі барша күштерді біріктіретін заңды өкімет иесі», деп танылған Орыс кеңесінің төрағасы да еді. Сонымен қатар, Александр Дутов Орта Азиядағы басмашылар қозғалысының жетекшілерімен, Жетісудағы Кеңес өкіметіне қарсы астыртын ұйымдармен де тығыз қатынаста болады. 1920 жылдың 1 қазанында Ферғана басмашыларының көсемі, құрбашы Эргашбай Бердиевке жазған хатында атаман былай деген: «1918 жылдың жазында-ақ Орынбордағы маған байланыс орнатып, бірлесе әрекет ету тапсырмасымен сізден бір адам келген еді. Мен одан өзіңізге хат және біздің достығымыз бен бірлескен әскери қимылымыздың белгісі ретінде күміс қанжар мен барқыт шапанды сыйлыққа жібергенмін. Бірақ ол адам сізге жете алмаған сияқты. Мен сіздің бірлесе әрекет ету туралы ұсынысыңызды Орынбор казактары әскерінің Әскери үкіметіне жеткізгенмін. Онда Үкімет алқасы өзінің шешімімен сізді Орынбор казактары қатарына қосып, өзіңізге жасауыл шенін берген болатын. Содан бір жылдан соң генерал Зайцев келіп, сіздің маған деген құрметіңізді білдірді. Омбыдағы адмирал Колчактан Хиуа мен Бұхараға елшілер баратынын пайдаланып, сізге солар арқылы тағы да хат, жасауыл эполеті тағылған шапан, күміспен көмкерілген қару және өзімнің суретімді жіберген едім. Алайда, мендегі мәлімет бойынша, бұл елшілер сізге жетпеген көрінеді. Мен сізбен байланыс жасауға үшінші рет әрекеттеніп отырмын. Қазір біз Қытай шекарасындағы Жаркентке таяу Сүйдін қаласындамыз. Менің қоластымда 6 мың адамға жуық жасақ бар. Туындаған жағдай мен тәртіпке байланысты мен қару-жарағымды әзірше Қытай үкіметіне тапсырдым. Енді тағы да шабуылға шығып, Жаркентке соққы берер сәтті күтіп жүрмін. Бұл үшін өзіңізбен байланыс және тізе қосқан қимыл керек. Мархабатты жауабыңызды күтемін. Сізге және сіздің батырларыңызға сәлемімді жолдаймын». Алайда, Ферғана басмашылары Александр Дутовпен қандай да бір әскери бірлескен

түрдегі әрекет жасауға үлгермейді. Құрбашы Эргашбай қожа Бердиев өзіне жолданған хатты ала алмайды. Ол 1920 жылдың көктемінде Кеңес өкіметімен ымыраға келеді де, көп ұзамай өз маңындағы адамдардың бірінің қолынан ажал құшады. Сүйдінге бассауғалап барған Орынбор атаманы мұны білмеген.

3.Операция

Ал енді шет жерге жетісімен бірден қарулы жасақ құрып, тіпті онымен де қоймай қарсы барлау жұмысын жандандырған ақ гвардияшыларға Кеңес өкіметінің көзқарасы қандай болуы керек еді? Орта Азиядағы басмашыларға хабаршыларын жіберіп аласұрған атаманға қызылдар қандай амал қолдануы тиіс-тін? Бұл мәселелердің сол кездегі жағдайға орай бір ғана ақылға қонымды шешімі «қайта шапқалы тұрған жауды» күш жинауға мүмкіндік бермей, жөргегінде тұншықтыру болатын. Тамырымен қопарып жойып жібермесе жаралы дұшпан қауіпті. Қаскүнем күш басшысының көзін құрту Түркістан майданының Революциялық әскери кеңесіндегі Бүкілресейлік Төтенше комиссия – ВЧК-ның революция жаулары мен бүлікшілерге қарсы күрес және барлау бөліміне тапсырылады. Операция жоспарын РК(б)П Орталық Комитеті Түркістан бюросының мүшесі, ВЧК-ның Түркістандағы уәкілетті өкілі Яков Петерс жасайды. Ал оны ұйымдастырушы Түркістан майданы барлау бөлімі бастығының орынбасары Василий Давыдов болады. Операцияға жетекшілік етушілер Ташкентте отырады. Жергілікті жерде оның іске асуына аймақтық дәрежедегі басшылар: Жетісу облыстық ЧК басшысы Федор Эйхманс, Жаркент ЧК-сының бастығы Николай Суворов және оның орынбасары, Түркістан майданының арнайы бөлімінің Жаркенттегі бөлімшесінің меңгерушісі қызметін қоса атқарған Михаил Крейвис жауапты болады. Ал тапсырылған істің басты орындаушылары міндетін Жетісу облысындағы Жаркент милициясының бастығы Қасымхан Чанышев пен осы мекеменің қызметкері, чекист Махмұд Қожамяров және бұлардан басқа 5 адам өз жауапкершіліктеріне алады. Қасымхан Чанышевке таңдау кездейсоқ түскен жоқ еді. Ол арғы тегі дәулетті, кейбір деректерге қарағанда, ата-бабасы I және II гильдиялы көпестер әулетінен тарайтын адам болатын. Татар саудагерлері Чанышевтер көптеген жылдар бойы Шыңжаң мен Ресейдің шекаралас аймақтарында желі оңынан тұрып, сауда-саттық жасап жүрген адамдар еді. Милиция бастығы Қасымханның немере ағасы Құсайын Чанышев Шәуешек пен Үрімшіде кең де жайлы жеке үйлері болғанына қарамастан, үнемі Құлжада тұратын. Сондай-ақ, ол орыс консулдары және ақ гвардияшылар офицерлерімен жақсы қарым-қатынаста-тын. Осының бәрін ескергенде Жаркент милициясының бастығы чекистердің барлау операциясындағы болашақ «қашқын» кейпіне әбден лайықты еді. Мұны Жаркент ЧК-сының бастығы Николай Суворовтың Жетісу облыстық ЧК бастығы Федор Эйхмансқа жолдаған хатындағы сөздер айғақтайды. Зерттеуші В.Данкеевтің «А.И.Дутовқа қарсы архив материалдарында» ол құжат былай сөйлейді: «Операцияны жүзеге асыру қолынан келеді дейтін барлаушылардың ұсынымнамаларын жан-жақты талқылағаннан кейін Жаркент милициясының бастығы Қасымхан Чанышевті дұрыс көріп отырмын. Ол революция ісіне шексіз берілген, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, қиын сәтте қисынды жол таба білетін жан. Шыңжаңдағы атақты көпестердің туысы. Өзі білімді, Дутовтың штабындағы полковник Абылайхановпен жақсы таныс. Біздің қолымыздағы деректерге қарағанда, ақ гвардияшыл сілімтіктер көптен бері Чанышевпен жақындасудың амалын таба алмай жүр...». Құжат стилін сақтай отырып енді Қасымхан Чанышевтің хабарламасын оқиық: «Жетісу облыстық ЧК-сының жауапты қызметкері Давыдов (маған) 21 ақпаннан қалдырмай, яғни шекараның осы учаскесінде ақтардың шабуылға шығуы ықтимал кезге дейін, атаман Дутовтың көзін жоюды тапсырды. Операцияға әзірлік пен оның барысы туралы Суворовқа баяндап отыруға тиіс болдым. Топ іріктелді. Орынбасарым – Махмұд Қожамяров, Жаркент уездік милициясының қызметкері. Ол контрабандистермен күресте

ерекше көзге түскен. Көрмеген жердің ой-шұқырын жақсы аңғарып, тез бейімделе кетеді, адамдармен қолма-қол тіл табыса біледі. Шығыс халықтары күресінің тәсілдерін жетік меңгерген, қарудың қай түрінен болса да өте жақсы ата алады. Мұқай Байсымақов. Жауынгер. Жүрек жұтқан батыл жігіт. Алып күштің иесі. Оның туысы – Құдыс (шын аты – Көдек – ред.) Байсымақов. Жауынгер. Аттың құлағында ойнайтын шабандоз. Ғазис Ушурбакиев. Жауынгер. Ату құралын өте жақсы меңгерген. Юсуп Қадыров. Жауынгер. Карабиннен құралайды көзге ататын мерген. Қылыш пен қанжарды тамаша пайдалана біледі. Сұлтан (шын аты – Солтанай – ред.) Маралбаев. Жаркент уездік милициясының қызметкері. Орыс, қытай тілдерін біледі, пистолеттен өте жақсы атады. Бұлар іс жүзінде кез келген жауынгерлік тапсырманы орындауға қабілетті екенін талай рет дәлелдеген жандар. Кезінде шекара арқылы сан рет мол мөлшерде апиын алып өтіп жүрген, құрамында 46 адамы бар, жақсы қаруланған контрабандистердің әрекетіне нақ осы топ тыйым салған болатын».

ЧК-ның ұйымдастыруы бойынша 1920 жылдың қыркүйегінде Қасымхан Чанышев жанына Махмұд Қожамировты ертіп «құпия түрде» Сүйдінге «қашады». «Кеңес өкіметіне өкпелеген» адамның кейпі шынайы көрінуі үшін қауіпсіздік органдары Қасымхан Чанышевтің қатын-баласын, ет жақын туыстарын, барлығы он адамды тұтқынға алады. Бір айтарлығы, егер ол жоспарланған әрекеттен бас тартса, жауды алдау мақсатындағы бұл «тұтқындау» кепілге алынғандар үшін сұмдық шындыққа айналуды да мүмкін еді. Сонымен болашақ операция өтетін жерге келген күннің ертеңіне-ақ Қасымхан Чанышев өзінің ескі танысы, бір кезде полковник Павел Сидоровтың жағында революцияға қарсы белсенді түрде әрекет жасағаны үшін 20 жылға лагерьге айдалуға үкім етілген, бірақ жазадан қашып құтылған Жаркент қаласының бұрынғы дуанбасысы Ф. Миловскийді кездестіреді. Көп ұзамай полковник Абылайханов және Миловский Чанышев пен Қожамировты генерал Дутовпен таныстыруға мүмкіндік туғызады. Қасымхан Чанышев осылайша күндіз Жаркент милициясының басшысы, түнде «ақ гвардияшылардың жансызы» болып шекарадан әрі-бері өтіп жүреді. Осылай «екі жаққа да жұмыс істеу» арқылы ол Орынбор атаманының сеніміне кіреді. Александр Дутов оны «князь» деп құрмет көрсете атайтын болады. 1920 жылдың қарашасында «князьге» жазған хатында ол былай дейді: «Сіздің хатыңызды алдым. Берген мәлімет және тындырған жұмысыңыз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Жаңалықтарға келетін болсақ, Алтай губерниясында және Семей маңында көтеріліс жүріп жатыр және жергілікті билік оны баса алмады. Қиыр Шығыспен, сондай-ақ, Врангельмен байланыс орнатқанбыз. Маған қызылдар Қытайға жорық жасамақ ниетте және әскери штаб Жаркентке көшіріледі деген сыбыс жетті... Бұл шындыққа жанаса ма? Сіздің егжей-тегжейлі сұрақтарыңызға жауапты келесі хабаршыңыз келгенде беремін. Оны 16 қараша күні кешқұрым уақытта жіберуіңізді сұраймын. Мен одан іс-қимылдың толық жоспарын беріп жіберемін...». 1920 жылдың желтоқсан айында Давыдов Петерске жеделхат жолдайды: «Жаркенттен. Әскери мазмұнда. Шұғыл. Құпия. Шәуешек маңындағы генерал Бакичтің корпусындағы және Степановтың дивизиясындағы адамдар саны – 5000. Құлжа төңірегінде 3 000 жауынгері бар атаман Дутов және Анненков күштерінің қалдықтары орналасқан. Дутов Жетісу казактары мен мұсылман байларына арқа сүйемек. Шекарадан өткен соң Ферғана, сондай-ақ, Бұхара басмашыларымен күш біріктіруді ойластыруда». Бұған жауап ретінде ВЧК басшылығы Александр Дутовтың көзін жою операциясын жеделдетуге шешім қабылдайды Василий Давыдов, Федор Эйхманс және Яков Петерс ұсынған, сондай-ақ, ВЧК төрағасы Феликс Дзержинский мақұлдаған алғашқы жоспар бойынша Дутовты ұрлап, РСФСР-ға алып келіп, артынан ашық сот өткізілуі тиіс еді. Бұл шараға зор мән берілгені соншалық, РСФСР Халық Комиссариатының қаржы бөлімі Николай патша заманындағы алтын-күмістермен есептегенде оған сол кезде аса қомақты болып саналатын 20 мың рубль көлемінде ақша бөледі. Деректі құжаттармен анықталғандай, бес кездесудің бірінде «қашқындарға» әбден сенген Александр Дутов олардан Кеңес жеріне халықты большевиктер үкіметіне қарсы

көтерілуге шақыратын бір құшақ үгіт парақшаларын беріп жібереді. Үндеу мәтіні мына мазмұнда болатын: «Адасып, тығырыққа қамалған бауырлар, азап көрген отандастар! Сендердің қиналған дауыстарың маған жетті. Мен көз жастарыңды, қайғы-қасіреттеріңді, мұң-мұқтаждарың мен шеккен азаптарыңды көрдім. Кеудемдегі орыс жүрегі мен православ сенімі сендермен бірге!» – делінген онда. Осы үнпарақтарды алып Жетісу ЧК-сына келген Қасымхан Чанышев тапсырманы қадағалап отырған Федор Эйхманска атаманды қолға түсіріп, оны тірідей Кеңес жеріне әкелу жоспарын іске асыру мүмкін емес екенін, себебі, оның күзетшілерінің тым көптігін айтып, өзі барып жүрген кезде ойға түйген басқа да қиындықтарды жасырмай баяндайды. Осыдан соң чекистерге жоспарды өзгертуге тура келеді. Ақ генералдың көзін сол Сүйдінде жою туралы шешім қабылданады.

4. Ымыртта атылған оқ

1921 жылдың қаңтары. Николай Суворов барлауға жіберген Махмұд Қожамияров, Мұқай Байсымақов және Юсуп Қадыров Сүйдіннен жағымсыз хабар әкеледі. Чекист, кейін біз сөз еткелі отырған оқиғаны тәптіштеп жазған Н.Миловановтың «Көрінбейтін майдан» атты жинақтағы келтірген дерегіне қарағанда, сол кездегі рождество мейрамынан кейін іргедегі Күре бекінісінде тұрған маньчжур полкі бүлік шығарғандықтан, Александр Дутов үйінен аттап баспайтын болған. Сүйдін қамалын қытайлар әскери жағдайда деп жариялаған және бұл бүлік толық басып-жаншылғанға дейін созылуы мүмкін. Арғы беттен оралып келген барлаушылар болжамы дұрысқа шығады. Тек қаңтар айының соңына қарай Шыңжаңның жергілікті халқы хунхуздар деп атап кеткен маньчжурлар полкі тынышталып, қамалдағы бейбіт өмір арнасына түседі. Осы кезде Алматыдан облыстық ЧК-ның соңғы ақыл-кеңесін алып оралған Николай Суворов өзіне бірден Қасымхан Чанышевті шақырып алады. – Негізінде бұл өте қарапайым жоспар, – дейді ол. – Сіз атаманға хат жіберіп, онда шекарадан өтерде кенеттен аяғыңызды «мертіктіріп алғаныңызды» айтасыз. Осыны сылтауратып оны өзіңіз тоқтаған үйге келіссөз жүргізуге шақырасыз. Егер ол бұған сенсе, сіз оны Сүйдіннен алып шығып, Жаркентке жеткізесіз. Қайтар жолдағы өзіңізге таныс жерлерде біздің адамдар қуғыннан жылдам құтқару үшін тың аттарды дайындап тұрады. Дутовтың ақымақ емес екеніне біз талай рет көз жеткізгенбіз. Ол сіздің аяғыңызды «мертіктіріп алғандықтан» уақытында оған өзіңіз келе алмағандығыңызға сенбеуі де мүмкін. Ондай жағдайда сізге ол жерден тезірек сытылып шығудан басқа жол қалмайды. Жоспар қарапайым болғанмен, оны орындау оңай емес. Күшімізді қалай орналастырған дұрыс екенін тағы бір салмақтап алайық. Әрине, ең маңызды да жауапты міндет өзіңізге жүктеледі. Барлық істің нәтижесі сіздің жылдам, батыл қимылыңызға байланысты. Бірақ атаманға өзіңіздің хатыңызды апаратын адамның да жауапкершілігінің маңызы кем емес. Қалай ойлайсыз, бұл тапсырманы кімге жүктеуге болады? – Меніңше, бұл істі Махмұд Қожамияров қана тындыра алады. Біріншіден, біздің шабармандарымыздың арасында Александр Дутовқа ең жақсы таныс адам сол. Екіншіден, генералдың күзетшілері де оны біледі. Оның үстіне, егер атаман маған келуге ықылас танытпаса немесе одан да жаманы, өзіне тұзақ құрылғанын сезіп қалса, Махмұд өзге адамдар шыға алмайтын тұйықтан жол тауып кетеді. – Не айтары бар, пікіріңіз орынды. Енді келесі мәселеге көшейік, – дейді Николай Суворов. – Ертең сіз Ғазис Ушурбакиев пен Махмұд Қожамияровтан басқа Мұқай және Құдыс Байсымақовтар, Юсуп Қадыров, Солтанай Маралбаев жолдастармен кездесіп, оларға тапсырманы түсіндіруіңіз керек. Өзіңіз 2 ақпаннан кешікпей Сүйдінге жетіп, сонда Ғазис Ушурбакиев арқылы жететін нұсқауды күтесіз. – Ол жерге жеткен соң, – деп жалғастырады сөзін Николай Суворов, – жергілікті тұрғындар арасына Жаркентте атаманның тыңшысы болып жүрген Нехорошко тұтқындалыпты деген сыбыс таратасыз.

– Ол ұсталып па еді? – деді Қасымхан.
– Жок, бірақ бүгін түнде солай болады. Сонымен қатар, Қасымхан Чанышев өзге бір топ тыңшылармен бірге тұтқындаудан құтылып кетіп, ЧК оларды іздеп жатқан көрінеді деген қаңқу сөз таратасыз.

Осыдан кейін Николай Суворов қараңғылық қоюланған мезетте Махмұд Қожамияровпен кездеседі. Олар кеңсенің түпкі бөлмесінде бәсең дауыспен сөйлесіп отырады.
– Сіз алаңдамаңыз, – дейді ЧК бастығына Махмұд. – Егер атаман баруға келіспесе, біз оны... Жә, айтайын дегенім, Дутов мені жақсы таниды. Соңғы кезде тіпті ол менімен қол ұсынып сәлемдескен. Ал оның казактары қу адамдар. Олар атаманның кімге қалай қарайтынын осындай қимылдардан-ақ біледі.
...Белгіленген күні бір топ адам Сүйдін іргесінде жасырын әрекет жасайтын Ушурбакиевтің үлкені Насыр дайындаған үйге келеді. Қасымхан мұнда өз көмекшілерінің күндізгі уақытта жұрт назарын аударып көшеде жүруіне қатаң тыйым салады. Қамалдағы жағдай туралы барлық мәліметті ол түн мезгіліндегі кездесуде жинап отырады да тапсырманы орындауға тастүйін дайын болады. Баяу жылжыған уақыт сарыла күтумен өтіп жатады. Ақыры, 6 ақпан күні таңғы алакеуімде Жаркенттен Насыр Ушурбакиевтің інісі Ғазис: «Істі енді кешіктіруге болмайды. Бастаңдар!» – деген хабарды алып жетеді. Бұл кезде бәрі дайын еді. Қасымхан Махмұдқа хатты тапсырады да топтағы адамдарына кешкі сағат алтыда қараңғылық түскенде өз үйінде жиналуға нұсқау береді. Белгіленген уақыт та келеді. Қасымхан Чанышев Махмұд Қожамияровқа алтыатар ұсынып:

– Сақтықта қорлық жоқ, мынаны ал. Бірақ аса қысылтаяң жағдай болмаса оқ атпа, ал егер атаман бекіністен шығудан бас тартса немесе бүкіл топқа қауіп төнсе қапы қалма, – деп ескертеді. – Хатта басқаша жазсам да, қамалға мен сендермен бірге барамын. Сонан соң Қасымхан қамалдың сызбасы түсірілген бір парақ қағазды жайып жібереді де:
– Мұнда қара. Мынау Александр Дутовтың жұмыс бөлмесінің терезесі, оның желдеткіші үнемі ашық тұрады. Мына жерде аттарды күтушіге тапсырып кетеміз. Ең бастысы, қарауыл үйінен атаманның күзетшілерін шығармау керек. Бұл шаруаны өз мойныма аламын. Күзетшілердің бір де бірі генералға көмекке келмейді деп үміттенемін. Әлдеқалай іс насырға шапса, атаманға және оның көмекшісіне шамаң жете ме?
– Алаң болма.

– Жақсы. Қамалдың ішінде өзімізді үйіміздегідей еркін ұстайық. Ісіміздің сәтті болатынына ешқандай күдік, ешқандай қобалжу болмасын. Не болса да шапшаң, батыл қимылдаймыз. Сонан соң атқа қонып, қақпаға тартамыз. Егер бәрі ойлағандай болып жатса, терезенің түбіндегі бізге естірте атаманға дауысыңды көтере алғыс айт. Онда мен дер кезінде қақпадан өтіп үйіме қайта ораламын да, қонақтарды қарсы аламын.

**Жанболат АУПБАЕВ,
«Егемен Қазақстан»**